

*Г.А. АБЫЛХАНОВА*

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Ұлттық тәрбие және озін-озі тану кафедрасының магистр аға  
оқытушысы*

## **МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ**

Кез-келген кәсіби қызмет белгілі бір талаптарға сәйкес келуді қажет етеді. Талаптардың ішінен барлық кәсіп өкілдеріне тән негізгілерін бөліп көрсетуге болады. Олар жоғары кәсібілік пен шеберлік. Мұғалім уақыт пен ұрпақ жалғастырынан байланыстыра отырып, адамзат мәдениетінің жетістіктерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, таратып отырады.

«Мұғалім ұлтты тудырады» («Учитель создает нацию»). Әлі күнге дейін құнын жоғалтпаған бұл қанатты сөзде мұғалім еңбегінің әлеуметтік және гуманистік мәні жатыр. Барлық уақыттың алдыңғы қатарлы педагогтерінің тұжырымдарынан келіп шығатыны мұғалімдік қазіргі қоғамдағы шығармашылық күш болып табылады.

Педагог оқушыларын ғылым негіздеріне ғана үйретіп қоймай, олардың жан-жақты дамуларына илгі әсерін тигізуі керек.

Мұғалімнің жоғары дәрежесі оған дәл сондай жоғары талаптар қояды. Мұны өткен ғасырлардың танымал педагогтері мен біздің қазіргі замандастарымыз (современники) жақсы түсінеді. Мұғалім олардың ойы бойынша тәмендегідей талаптарға жауап беруі тиіс:

- Мұғалім білімін ұдайы жаңартып және толықтырып отыруы керек: «Мұғалім өзі оқи отырып, өзгелерді оқытады» (К.Д.Ушинский);
- Балалардың психологиясын білу, олардың ішкі әлемін тану, олардың жеке ерекшеліктерін зерттеу (К.Д.Ушинский);
- Ұлы гуманист болу, балаларды жақсы көру, балалардың нағыз тәрбиешісі болу, журегін сұрып беруге даяр болу (В.А.Сухомлинский);
- Өз Отанының патриоты, азаматы, моралдық тұрғыдан сендерудің белсенді

тасымалдаушысы болу (В.А.Сухомлинский);

- Я.А.Коменский мұғалімдерді өздерінің кәсібін суюге, түсінуге шақырды.
- Терен және жан-жақты білімнің тасымалдаушысы болу: «Терен білімі болмай тұрып, басқаларды оқыту міндетін алу өнегесіздік танытады» (Гельвеций).

Жоғарыдағы танымал педагогтердің ойларына қосыла отырып, мұғалімнің өн бойында төмендегідей қасиеттер болу керек деген ойдамыз. Олар: биязылық, бейімделгіштік, білімқұмарлық, әзіл-оспақты түсіне білетін, ерекше, тілекtes, төзімді, көпке құрметті, өмірлік тәжірибесі мол, ақылды, тәрбиелі, жігерлі, өзгелерге он энергия бере алатын, адамгершілігі мол, ділмар, сауатты және жақсы түсінісе алатындан болу керек.

ХХ ғасырдың әлемдік психологиясының бірден-бір классиктерінің бірі Карл Роджерстің (1902-1987) «Егер мен мұғалім болсам, ең алдымен, өзіме сұраптар қоятын едім» атты баяндамасымен танысу болашақ мұғалімге қызық болары сөзсіз. К.Роджерстің көзқарасы тұрғысынан, мұғалім өзіне төмендегідей сұраптар қоюы тиіс:

1. Оқып, ер жетіп келе жатқан адамның ішкі әлемін тани аламын ба?
2. Мен өз-өзіме жеке тұлға болуга ерік беремін бе және оқушыларыммен ашық, көңіл-күйі жарқын, рөлдік емес өзара қарым-қатынас орнатады аламын ба?
3. Сыныбымдағы әрбір баланың қызығушылықтарын тани аламын ба?
4. Мен қаншалықты дәрежеде шығармашылық адамымын?
5. Тынымыз және мінез-құлқы ерекше шығармашылықтағы балаларды әрмен қарай жетілдіре аламын ба?
6. Балаға тұастай бір адам болып қалыптасуына көмек бере аламын ба?, т.б.

Мектепте мұғалімнің жұмысы бастан асады: өзі білетінін, өзінің қолынан келетінін балаларға үйретеді, жұмысындағы әріптестерімен пікір алмасады, тәрбиеленушілерінің мектеп өмірін ұйымдастыра отырып, еліміздің болашақ интеллектуалды әлеуетінің негізін қалайды. А.К.Марковаға сүйенсек, «мұғалімнің мұндай енбегінің нәтижесінде мұғалімнің тұлғасы қалыптасады» [1, 7-8]. Педагогикалық қызметте мұғалім субъект ретінде үлкен рөл атқарады.

Психологтар педагог субъектілігінің төмендегідей ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- мұғалімнің кәсіби рөлін жүзеге асырудың алғышарты ретіндегі субъектінің психофизиологиялық (жеке) ерекшеліктері;
- бағыттылық және басқа да тұлғалық ерекшеліктер;
- кәсіби-педагогикалық және пәндей білім мен дағылар [2, 185-186].

Кәсіби педагогке койылатын маңызды талаптардың бірі оның әлеуметтік-кәсіби ұстанымының нақтылығы болып табылады.

#### Педагог тұлғасының әлеуметтік-кәсіби бағыттылығы

Кәсіби даярлық үдерісінде педагогикалық кәсіпке деген уәждік-құндылықтық қарым-қатынас қалыптасады. Педагогикалық кәсіпке деген уәждік-құндылықтық қарым-қатынас мұғалім тұлғасының «дінгегін» құрайтын бағыттылықтан көрінеді. Осы жерде «тұлға» және «бағыттылық» ұғымдарына тоқталып өтейік.

Тұлға белгілі бір қарым-қатынас жүйесінде қалыптасқан адамның жалпы бітімі. Басқа жағынан алып қарағанда, бұл нақты бір адам, яғни белгілі бір қызмет түрімен айналысатын, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын сезінетін және өзіндік жеке ерекшеліктері бар белгілі бір әлеуметтік қауымдастықтың өкілі [3, 64].

Біз тұлға бағыттылығынан іс-әрекеттердің уәждемелік негізdemесі дегенді түсінеміз.

Мұғалім тұлғасының педагогикалық бағыттылығы мұғалімнің әртүрлі педагогикалық міндеттерді шешуде шығармашылық тұрғыдан келумен, педагогикалық кәсіпке қызығушылық тудырумен сипатталады. Педагогикалық бағыттылығы айқын көрінетін мұғалім кәсіби өзін-өзі тану үдерісіне белсенді қосыла алады. Н.В.Кузьмина мұғалімнің педагогикалық қызметтің сипатын анықтайтын бағыттылықтың үш негізгі түрін белгіп көрсетеді. Олар: шынайы педагогикалық, формалды педагогикалық, жалған педагогикалық [4,9].

#### Мұғалім тұлғасының ізгілендірушілік бағыттылығы

Мұғалім тұлғасының педагогикалық бағыттылығы әртүрлі сипатта көрініс табуы мүмкін. Ол кәсіби өзіндік байланға келуге, педагогикалық әсер құралына, оқушыға, оқушы ұжымына, педагогикалық қызметтің мақсаттарына бағытталуы мүмкін. Тек қана педагогикалық қызметтің басты мақсатына қол жеткізуге бағдарланған бағыттылық қана ізгілендірушілік болып танылуы мүмкін.

Ең алдымен, «ізгілендіру», «ізгілік» ұғымдарын анықтап, нақтылап алайық. Извленидру (латынның humanus - адамзаттық) адам құндылықтарын тұлға ретінде тануды, оның еркін дамуға құқығын және өз мүмкіндігін көрсетуін білдіреді. Извлік адамдық, адамды жақсы көру, адамның жеткен жетістігіне деген құрмет ретінде түсіндіріледі. Адамға деген ізгілік қарым-қатынасы адам бойындағы он сапаларды қабылдау мен бағалау дегенді ғана емес, сондай-ақ адам тұлғасын кешенді

тану деген сөз. Осы тұрғыдан алғанда адамдардың ізгілік қарым-қатынасы адамдардың өз-өздеріне деген сенімдерін нығайтуға, шығармашылық тұрғыдан дамуы мен өзін-өзі жетілдіруге бағытталған.

Педагогикалық қызмет ізгілік бағытында болуы қажет. Бұл дегеніміз педагогтің барлық әрекеті бала, окушы, ересек адам тұлғасының шынайы қызығушылықтарына бағынады. Тұлғаның ізгілік бағыттылығы жалпыадамзаттық құндылықтар базасының аясында қалыптасады.

### **Мұғалім тұлғасының танымдық бағыттылығы**

В.В.Маткин ұсынған мұғалімдердің бірнеше түрін қарастырып өтейік [5].

**1 түрі.** Жаңаақпаратты белсенді тыңдайды, қызықты фильмдерді жібермейді, көп оқиды және т.б. Сөйті тұра ол санауда тұрде мектеп тақырыбынан қашқақтайды.

**2 түрі.** Жаңа ақпаратты, соның ішінде педагогикалық және тәрбие беру мәселелерімен байланысты ақпараттарды белсенді тыңдайды. Бірақ олар фильмді, кітапты немесе бағдарламаны таңдауды айқындалмайды.

**3 түрі.** Бұл топтағы мұғалімдерді белгілі бір деңгейде тәрбие беру қызметі, мектеп өмірі, жастар өмірі қызықтырады. Тіпті, мектепке тікелей қатысы жоқ әңгімендөн окушыларға қызық болады-ау деген мәселелерді көреді.

**4 түрі.** Барлық ақпараттарды мектептік және мектептен тыс деп нақты бөледі. Біріншісіне (мақалалар, пьесалар, фильмдер, мектеп және окушылар жайлы тікелей айтылатын бағдарламалар) қызығушылықпен қарайды. Мектептен тыс ақпарат қызығушылық тудырмайды.

*Бірінші топқа өзінің жұмыс күнінің аяқталуымен бірге өз мұддесінің бағытын өзгертуге бейім тұратын мұғалімдер жатады. Екінші топқа ақпаратты жалпымәдени дамудың дереккөзі ретінде қарастыратын мұғалімдер кіреді. Үшінші топқа өздерін кәсіби тәрбиеші ретінде сезінетін мұғалімдер кіреді. Төртінші топқа өздерінің мұдделерін мектеп тақырыбымен ғана шектеп қойған тар шенберде ойлайтын мұғалімдер тобы кіреді.*

Әрине, болашақ мұғалімге жоғары шығармашылықпен жұмыс істеу керек. Шығармашылық, педагогикалық қызметке бағдар белгілі бір ішкі бірлікті, кәсіпті терең игеруді қамтамасыз етеді.

### **ӨДЕБИЕТ**

- 1 Маркова А.К. Психология труда учителя.- М., 1993.
- 2 Зимняя И.А. Педагогическая психология.- М., 1997.
- 3 Конюхов Н.И. Словарь-справочник по психологии. – М., 1996.
- 4 Мижериков В.А., Ермоленко М.Н. Введение в педагогическую деятельность: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений. – М.:Педагогическое общество России, 2002. – 268 с.
- 5 Маткин В.В. Введение в педагогическую профессию: Учебно-методическое пособие для студентов педагогических университетов. Челябинск: Изд-во ЧПГУ «Факел», 1988.

### **Резюме**

В статье рассматривается личность учителя и ее направленность.

### **Summary**

In the article considered the teacher's personality and her focus.